

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы 1993 жылғы 13 қаңтардағы N 9000

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z937000_ жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне:

- Қазақстан Республикасының шектес мемлекеттермен шекарасынан

құқылық жағынан ресімдеу туралы мәселені қарап, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз ету;

- 1993 жылғы 1 сәуірге дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараны күзетуге қатысты шешімдерін қабылданған Заңға сәйкес келтіру тапсырылсын.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесінің

Төрағасы